

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 14 тамыздағы № 640 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 тамызда № 19270 болып тіркелді.

ЗАИ-НЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ!

Осы бүйрықтың қолданысқа енгізу тәртібін 4 т. қараңыз

БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

P. Склар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Индустрія және
инфрақұрылымдық
даму министрлік
2019 жылғы 14 тамыздағы
№ 640 бүйрекімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бүйректарының тізбесі

1. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлік 29.05.2020 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

2. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлік 08.09.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

3. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлік 22.04.2020 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

4. "Бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлік 2016 жылғы 30 наурыздағы № 303 бүйрекінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13635 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бүйрекпен бекітілген Бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесінде:

реттік номірі 3-жолда "Орналасқан жері" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А194 көшесі, 1-үй."

5. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлік м.а. 15.04.2020 № 203 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

6. "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың қызметтік куәлігінің, омырауға тағатын белгісінің, номірлік мөртабаны мен пломбирінің үлгілерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлік 2017 жылғы 27 шілдедегі № 506 бүйрекінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15596 болып тіркелген, 2017 жылғы 3 қазанда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың қызметтік күелігінің үлгісінде:

"Аумақтық бөлімшелердің шифрлары" деген бағанда:

"01 - Астана қаласы;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"01-Нұр-Сұлтан қаласы;" .

7. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.09.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. "Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөнінде операциялар жүргізу кезінде пайдаланатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 355 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17064 болып тіркелген, 2018 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөнінде операциялар жүргізу кезінде пайдаланатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында:

91- тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Конкурстық баға ұсыныстарын беру мерзімі – егер конкурстық құжаттамада одан қысқа мерзім көзделмесе тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасы орналастырылған сәттен бастап қырық сегіз сағат. Конкурстық баға ұсыныстарын беру мерзімі осы тармақтың соңғы абзацында айтылған талаптарды ескере отырып, Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 9-00-ден 20-00-ге дейінгі кезеңде кем дегендे бес сағатқа белгіленеді.".

9. "Пайдалы қатты қазбаларға қатысты электрондық сатып алу жүйесінің жұмысын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізілімінің жұмысымен үйлестіру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы № 359 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17077 болып тіркелген, 2018 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пайдалы қатты қазбаларға қатысты электрондық сатып алу жүйесінің жұмысын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды

жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізілімінің жұмысымен үйлестіру қағидаларында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тізілімде және электрондық сатып алу жүйесінде алынған ақпараттың тұтастығын тексеру және жауап-хабарламаны қалыптастыру қамтамасыз етіледі. Ақпаратты қабылдау-беру процесінде барлық уақытша параметрлерді белгілеу Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жүргізіледі.".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК